

КІРІСПЕ

Қазақ деген қасиетті халқымыздың рухани бастаулары көптеген ғасырларды қамтитын, сан-қилы шытырман тарихи шынайы оқиғаларға толы, қызығы мен шыжығы қатар жүрген уақыттың тізбегін, мәдени құндылықтық негіздерін құрайды. Еліміздің, жеріміздің тұтастығын, ұлтымыздың бітім-болмысының, салт-дәстүріміздің, тіліміз бен діліміздің, діні мен ұлттық психологиясының ерекшеліктері сақтау барысында туындаған озық, алғыр ойлар қазақ дүниетанымының саяси-рухани идеялық сипатын айқындайды және тарихи сананың даму жолының алғышарттарын құрайды.

Халқының зарын зарлаған, мұнын мұндаған тарихи тұлғалар ел бірлігін, азаттықты, теңдікті, бостандықты, яғни тәуелсіздікті аңсай отырып, бүгінгі заманауи ғасырдың тілімен айтқанда, ұлттық идеяны өздерінің іс-әрекетімен, даналық ойларымен, өлең-жырларымен, тіліміздің құдіреттілігінің негізінде хандар мен би-шешендердің, ғұлама тұлғалардың философиялық ойлауының озық үлгілері, халық батырларының намысшыл рухы, ой еркіндігі мен сөз еркіндігінің өзіндік шеберлігі рухани-мәдени құндылықтарды қалыптастырады. Бұлар дәстүрлі мәдениетіміз бен руханилығымыздың негізінде қалыптасқан өшпес құндылықтар парадигмасын құрады.

Бүгінгі жас ұрпаққа ата-бабамыздан аманат етіп тапсырылған рухани мол қазынамызды ой-елегінен саналы түрде өткізіп, оларды заманауи қоғамдық талаптарға сай Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық болмысымен, экономикалық-саяси ахуалдарымен, рухани-мәдени іс-шараларымен байланыстыра отырып, мемлекеттік саликалы саясат пен адам санасының рухани жаңғыруды аясында ұлттық бірегейлігіміздегі құндылықтарымызды сақтау, дамыту қажеттегі күн тәртібіндегі өзекті проблема.

Әр заманда, әр дәуірде, әр кезеңде десек те, әйтеуір рухани құндылықтардың өзгеріске ұшырауы – тарихи заңдылық. Тарих таразысынан екшеленіп өткен, өмірлік мәні мен мағынасы терең дәстүрлі құндылықтарымыздың мұраты мен мақсатына бағытталған, өзіндік даму жолында мәдениеті мен идеологиясын жасау үшін қиыншылығымен қатар қуанышы мен қайғысы да мол болған зар-заманда, ал адам рухына қуат беретін құндылықтардан нәр алып, оларды өмір талабына сай пайдалану, жүйелеу және дамыту - өмір сабақтастығы.

Қандай тарихи кезең болсын дүниетанымның негізінде философиялық ойлау жүйесіне үлкен талаптар қойылған. Тарихи-мәдени рухани қажеттіліктерден туындаған философиялық ойлау мәдениеті өзінің өзегі болып табылатын көзқарастық мәнін ғасырлар тоғысында, дәуірлер сабақтастығында аксиологиялық – когнитивтік, методологиялық тұрғыда сақтай білген. Философиялық ойлау мәдениетінің идеялық – құндылықтық өміршеңдігі де осында. «Қайта оралу философиясы – бұл философияның өзіне-өзі қайта оралуы, өзінің рухани қайнар бастауларына, ежелгі түркілік құндылықтарына қайтадан тереңірек философиялық пайымдау мен зерделеу үшін өзіне-өзінің қайта оралуы. Қазақстандық посткеңестік философиялық рухани байлықты пайымдау – қазақ мәдениетінің терең қатпарындағы өзіндік тұлғалық кісілік философиялық пайымдау сипатында көрініс бере бастаған философиялық үдеріс ретінде танылады» [1, 113 б.].

Бұл ғылыми еңбекте қарастырылып отырған философиялық проблемалардың өзектілігі де осы қайта оралу философиясының идеялық-мағыналық сипатында көрініс табады. Рухани құндылықтарды мәдениеттің ішіне кіріп, оның сырын ақтаратын халқымыздың өмір бойы сақтаған ұлттық коды, кілті, рухы деп білеміз. Заманауи қоғамның рухани жаңғыруы руханилықтың осы құнды өзегін сақтау, дамытуды қажет ететін тарихи процесс.

«Халық идеясыз, мемлекет идеологиясыз» болмайды дегендей, рухани құндылықтардың адамгершілік-этикалық, идеялық-құндылықтық, көзқарастық, танымдық, рухани-мәдени негізін құрайтын ерекше қасиет – патриотизм.

Патриоттық сезім адамгершіліктің, отансүйгіштіктің, ұлтжандылықтың әділеттілік пен ар-намыстың, бәсекеге қабілеттілік пен прагматизмнің білім мен біліктіліктің тәрбие мен мәдениеттіліктің дәстүр мен өнердің, жалпы рухани құндылықтардың адам жадының тарихи санасында және қоғам өмірінің барлық саласында, барлық заманда ерекше айқындыққа ие қасиетті ұғым.

Сонау түркі әлемінде тарихымыздың өткен шағында бастауын алған «Мингу Ел» (Мәңгі Ел), қазақ хандығы дәуіріндегі «Атамекен», «Ел бірлігі», «Азаттық» идеялары, халықтық ұлт-азаттық көтерілістерінің намысы, өршіл рухы, зиялы қауым көсемдерінің «Алаш», «Мәдени автономия», «Тәуелсіздік» идеялары, Желтоқсан оқиғасындағы, «Жастар рухы» көтерілісі – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы патриоттық санасының

саяси-тарихи, рухани-мәдени тұғыры емес пе? Осы рухани құндылықтарымыз халқымыздың қоғамдық-рухани болмысын анықтап қана қоймай, олардың болашақ үшін, бүгінгі жастар үшін маңыздылығын бүгінгі жастардың қажетті құндылық ретінде қабылдай білуінде жатыр. Себебі, адамзаттың тарихи дамуының көрінісін, өмірдің бет-бейнесін (картинасын) қалыптастырудағы негізгі белсенді субъектілері саналы да, тәрбиелі де біздің жастарымыз емес пе?» Ендігі өзекті мәселе – сол рухани інжу-маржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен, рухани тазалықпен бере білуде болып отыр. Осы істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда еліміздің қазіргі кезеңдегі Еуразиялық кеңістіктегі ерекше халық ретіндегі этникалық сипатының, басқа халықтар алдындағы құрметінің асқақтай түсетіні анық. Өйткені, өзінің ұлттық құндылықтарын аялаған, үнемі өрбіткен ел ғана, оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту сипатын берген халық қана адамзаттың тұтастай тарихының ауқымында шынайы бағаланады [2, 313 б.].

Талай ғасырлар өтіп, қазақ халқының тарихи дамуының бір үзіндісінде болған тәуелсіздіктің қайта жаңғыруы – бүгінгі заман, бүгінгі қазақ елі, біздің Қазақстанымыз – Отанымыз. Тәуелсіздік – тарихи-рухани дамудың жемісі, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Мемлекеттің саликалы саясатының негізінде тәуелсіздік жылдары әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени реформалардың қарқынды жүргізілу арқылы нарықтың қатынастар мен саяси-экономикалық жүйелердегі институттар, демократиялық-саяси ахуалдар, этносаралық үйлесімдік пен саяси тұрақтылық, рухани келісім мен бейбітшілік, мемлекеттік саяси-мәдени бағдарламалар негізінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру процесі белсенді де, тиімді қарқын алуда».

Қазіргі жаһандану заманында виртуалды өмір ерекшеліктерін ескеру арқылы жастарымыздың тұлғалық бірегейлігін, азаматтың принциптерге негізделген ұлттық бірегейлігімізді, қазақстандық патриотизм идеологиясының негізінде жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтау және дамыту көзделіп отыр. Сондықтан «Мәңгілік Ел», «Ұлы Дала Елінің», «Қазақ елінің» болашағы – жастар. Тәуелсіз мемлекетте өмір сүргенімізді құндылықтық – мағыналық адам болмысы деп түсінуіміз қажет.

Ата дәстүрімізді, Конституция заңдарын, мәдениетіміз бен тарихымызды құндылық ретінде сақтай отырып, Қазақстан халқының құқықтық-демократиялық даму жолында толеранттылық

пен тарихи санамыздың жоғары деңгейде әлемдік кеңістікке шығару және оларды қорғауды халық, ұрпақ парызы деп түсінуіміз керек.

Патриотизмнің аксиологиялық-когнитивтік маңызын анықтауда оның методологиялық негіздерін, мәні мен мазмұнын, патриотизмнің мемлекет құрылысындағы идеялық маңызын, ұлтаралық катынас мәдениетіндегі патриоттық негіздерді ұлттық тәрбие мен рухани-құндылықтық ұстанымдарға сүйену арқылы қарастыру көзделеді.

Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық даму жағдайында патриоттық сана, азаматтық позиция, азаматтық жауапкершілік сияқты ұстанымдар саяси-әлеуметтік демократияның механизмдерімен, азаматтық әлеуметтік субъектісінің дамуымен, олардың жауапкершілігімен, адамның құқығы мен бостандығының қалыпты жағдайға айналуымен сәйкес келеді.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыдан алғанда патриотизмді ғылыми зерттеу – қазақстандық қоғамның даму стратегиясын бағалаудың контекстіндегі негізгі рухани құндылық. Рухани мәдениеттің құндылықтары және қоғам дамуындағы адамгершілік-этикалық, көзқарастық-методологиялық ұстанымдар оның бірлігінің негізі, іргетасы, ішкі тұтастығы, қазақстандық мемлекетті құрайтын ұлттық, қоғамдық мүдде.

Жастар тәрбиесінде ұлттық дәстүрлерді дамыту жолдарын пайдалану арқылы патриотизмді қалыптастыру авторлар тұрғысынан философиялық зерттеудің ерекше ғылыми-тәжірибелік методологиясы ретінде анықталады.

Дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен берілетін, көпке тән нормалар, идеялар, принциптер, іс әрекеттер, шынайы сезімдер түрінде қалыптасқан қоғамдық катынастардың ерекше түрі ретінде қарастыра отырып, осы ғылыми зерттеуде ұлттық спорт түрін тұңғыш рет «халық дәстүрі» ретінде категория деп анықтап отырмыз. Дене тәрбиесі, спорт, ұлттық ойындар түрлері дәстүрлер арқылы халықтың мінез-құлқын, ұлттық бітім-болмысын, психологиялық өзіндік ерекшеліктерін таниды, мойындайды, солар арқылы халықтың материалдық және рухани құндылықтарын байытады, әрі жасайды. Дәстүр спорт өнеріне шабыт, шығармашылық, белсенділік, субъектілік-тұлғалық мағынадағы еркіндікті береді. Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр мыңдаған жылдар бойы ұлттың бітім-болмысын анықтайтын рухани құндылықтар. Олар әрбір тарихи кезеңдерде сынайы тәжірибелерден өткен, өздігінше жүйеленген құндылықтар парадигмасындағы басты

ретінде жаңа әлемді қалыптастырудағы қазақ философиясының тәжірибесі, табиғат пен адам бірлігі туралы ой-толғаулардың синтезі, қазақтың эстетикалық ойлау мәдениеті, түсіністік философиясы, қайта оралу философиясы, тарихи сана қазақ халқының құндылықтар әлемі, гуманистік дүниетаным, дүниетанымдық әмбебаптар зерттеулердің бүгінгі өмір талабынан туындаған рухани қажеттіктер екендігін және олардың алғышарттарының қазақтың тарихи дүниетанымындағы этикалық-гуманистік, аксиологиялық-когнитивтік ұстанымдар ретінде қалыптасқан құндылықтар екендігін бүгінгі Қазақстандық диалектикалық логика мектебінің кәсіби философтары терең түсінуінде негізінде «Мәдени мұра» құндылықтарын дамытуда.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін құрайтын факторлардың бірі болып табылатын төл тума тіліміз мәдени-рухани құндылық ретінде қарастырылады. Ана тіліміздің құдіреттілігін ата-бабамыздың жан дүниесінің руханилығынан, мәдени мұраларымыздан, дүниетанымдық әмбебаптарымыздың халықтық сипатынан көреміз. Қазақ халқының рухани болмысы тарихи-әлеуметтік даму процесінде біртұтастық табиғатқа ие болғандықтан, ол рухани сабақтастықпен жүзеге асатын ұлттық тарихымыздың мәніне жаңаша қарауымызды талап етеді.

Тіл тағдыры – халық тағдыры. Ұлттық өзіндік сана адамдардың өмірлік әрекетінің әлеуметтік-рухани астарларын анықтайтын ұлттық мүдделер мен тығыз байланысты. Тіл рухани шығармашылықтың барлық түріне катысты. Тіл байлығы сол елдің өзіндік санасын қалыптастыратын және ұлттық рухтануындағы негізі құндылық.

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан оның мәселесін қоғаммен біте қайнасып жатқан күйінде ғана шешуге болады. Тілдің ішкі құрылымы және оның сыртқы қоғамдық өмірі мен байланысы үйлесімдікте болуы қажет. Бұл бағыттағы іс-шаралар тіл философиясы теорияларына сүйеніп, тіл үйренуге мүдделік жағдай туғызу мақсатында тіл мен оны тұтынушы заманауи адам арасындағы рухани мәдени ақпараттар байланыстары заман талабына сай жаңа деңгей де жолға қоюды талап етеді.

Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан тіл саясаты тіл мәселесіне жаңа талаптар қоюды, төл тума тіліміздің мәртебесін арттыру, үш тұғырлы тіл, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді жүзеге асырудың саяси-әлеуметтік аспектілерін анықтау сияқты талаптар қоғамдағы адам факторына, адам капиталына, руханияттың дамуына маңыз беру арқылы ғана жүзеге

асатындығын ескеруіміз керек. Тіл мәселесі бойынша жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындылары осы ойымызды дәлелдейтіндей.

Тілді дамыту методологиясының ұстанымдарын тиімді қолдану қажеттігі ерекше. Қазіргі өсіп келе жатқан жастардың ана тілін міндетті түрде жақсы білуін қамтамасыз ету бүкіл халықтық, мемлекеттік зор маңызы бар іс. Қазақ тілінің құдіреттілігін сақтауды ұлттық парыз ретінде түсіну әрбір адамның өзіндік санасына сіңген құдірет деп түсіну керек. Музыкамен, өнермен, әдеби шығармалармен, жалпы рухани құндылықтармен тілдің феноменалдығын әлемге танытып жүрген тұлғаларымыз баршылық.

Менталитет өмірлік құндылықтар мен тұлғалық қасиеттерді құрастырушы ұстаным ретінде ұлттық бірегейлікті анықтайтын ұғым. Бұл ұғымның құрылымындағы құндылықтардың маңызын түсіну халықтың мәдениеті мен рухани болмысын пайымдай білу халықтың өмірлік тәжірибесін жер-жерде жаңғырту мен сақтап қала білу ұрпақтар арасындағы мәдени-гуманистік сабақтастықты қайта жаңғырту бүгінгі жастардың өзіндік санасына сіңдірілетін басты ерекшеліктер ретінде қарастырылады.

Философиялық тұрғыдан қарастыра келе менталитетті адам санасында стратегиялық өмірлік мақсаттармен жалпы дүниетанымдық бағдар ретінде мойындалған құндылықтардың бейнеленуі, елдің жаңғыруын сапалы өлшемі және өресі, өмірлік құндылықтар мен тұлғалық қасиеттерді құрастырушы ұстаным, ұлттық бірегейліктің негізгі факторларының бірі, ұлттық – аймақтық және жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі, халықтың, мемлекеттің рухани-мәдени, экономикалық, этникалық және саяси-тарихи дамуының күрделігін, мазмұнын, белгілері мен ерекшеліктерін жиынтығы ретіндегі синтездік мағынадағы ұғым, метакатегория, ол қашанда күрделі және біртұтастық сипатқа ие.

Білім беру философиясы және интеллектуалды ұлт қалыптастыру проблемасы бүгінгі жаһандану заманында ерекше сұранысқа ие рухани қажеттіліктердің бірі. Білім беру философиясы адам призмасынан өтетін рухани құндылық, интегративтік білім жүйесі. Философия тарихындағы, қазақ дүниетанымындағы оқу-білім проблемасын философиялық зерттеу барысында түйіндеген ойлардың мәні мен мағынасы білім беру процесіндегі тәрбиенің, рухани құндылықтардың, адамның шығармашылық іс-әрекетінің сапасы білімнің ең негізгі алғышарттары екендігін анықтады.

Әлемдік деңгейде білім беру және жас ұрпаққа құнды білім жүйесімен қамтамасыз ету концепцияларын талдай келе жаңаша тұрғыда білім теориясын қалыптастыруда инновациялық технологиялардың, бейінді және бейіналды оқыту әдісін, модульдік технология түрлерін қолданудың әдіс-тәсілдерімен қатар, оқушы тұрғысынан өзіндік ізденуді, білімге деген құштарлықты, құзыреттілікті, өнеге-үлгі болатындай адамгершілік-рухани ұстанымдар негізінде өзінің субъектілігін, мәнділігін, тұлғалық сипатын анықтай білуі оның өмірлік қажеттілігі болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламалардағы интеллектуалды ұлт қалыптастыру концепциясының білім беру жүйесіндегі маңызы зор. Инновациялық деңгейде жастарды білімді, құзыретті, бәсекеге қабілетті, сонымен қатар өзінің ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, рухани құндылықтарын қадірлей білетін патриот ретінде тәрбиелей отырып сапалы білім беруді жүзеге асыруды маңызды интеллектуалды іс-әрекет.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру – халық пен қоғам құндылықтарын тасымалдаушыларының, яғни субъектілерінің мәдениетін көтеруі, ұлттық дамуға халықаралық келісім мен ұлттардың өзара әрекеттесуіне және олардың ұйымшылдық механизмдеріне ықпал ететін арнайы құрылымдар құруды қажет етеді.

Ұйымның белсенді бөлігін әлеуметтік мәселелерге араластыруға қажетті, ұтымды жұмыс түрлерін енгізу және осы бағытта ізденуді арттыру; білім беру жүйесінің нәтижесін азаматтық және рухани кемелдену деңгейінде қалыптастыру; осы проблема аясында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалардың социологиялық-тәжірибелік нәтижелеріне мән беру те қажеттіліктермен анықталады.

Авторлық тұрғыдан білім беру жүйесінде «балаларға арналған философия» концепциясын жастарға білім беру мен тәрбиелеу саласында тиімді пайдаланудың методологиясын ретінде анықтауды және оның «Өзін өзі тану» пәнінің, философиялық-теориялық негізі ретінде пайдалануды ұсынамыз. Өйткені бала кезде қойылатын сұрақтардың мәні мен мағынасының өмірлік мәнділігі, олардың бойында ой еркіндігінің сөз еркіндігінің идеялық-құндылық, мәдени-рухани негіздерін қалыптастырады деп ойлаймыз.

Өнер философиясы – қазақ халқының рухани болмысы деп анықтағанда, біз өнердің қоғамдық сананың ерекше формасы ретіндегі адамның рухани жан дүниесінің өнер, эстетика, поэзия,

философия, шығармашылық арасындағы байланыс арқылы олардың этномәдениеттік сипатын ашуға тырысамыз. Мысалы, күй өнері қазақ халқының тек қана рухани-эстетикалық қажеттілікті қанағаттандыру түрі ғана емес, алдымен күй өнері өткен өмірдің шежіресі, өткен замандардан бастау алған рухани құндылық. Сондықтан өнер тұлғаларына, олардың шығармашылықтарына қызығушылық таныту арқылы этнопсихологиялық талдау жасау арқылы олардың тарихи-тұлғалық бітім-болмысын тани білу, социометриялық зерттеулер жүргізу бүгінгі ұрпақ үшін маңызды рухани қажеттілік және қабілет.

Құндылықтардың қоғамның рухани жаңғыруы мен отбасы тәрбиесіндегі маңызын анықтауда батыс және шығыс дүниетанымындағы құндылық категориясының мәдени-философиялық астарларын, қарастыра келе құндылықтар жүйесінің жеке, топтық, қауымдастық, қоғамдық, жалпы адамзаттың құндылықтар иерархиясы герменевтикалық талдаудан өткізіледі. Мәдени және рухани құндылықтарды бағалау жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан және олардың иерархиясы нақты тарихи кезеңдерде өз бейнесін айшықтай түскен. Соның негізінде құндылықтар парадигмалары қалыптасқан.

Құндылықтарды таңдаудағы адамға берілген ерік оның жауапкершілігімен анықталады. Адам жадының тазалығы, оның өмірлік ұстанымдары, мақсатқа сай іс-әрекеттері жақсылыққа, адамгершілікке, адалдыққа бағытталған болса, ол дұрыс құндылықтарды таңдайды. Бүгінгі қоғамдық дамудағы қайшылықтар экономикалық, саяси, мәдени-рухани өмір саласында әртүрлі келеңсіздіктер тудырып жатқандығы баршамызға мәлім. Қоғамдық прогресс осы қайшылықтардың қайнар көзін дер кезінде анықтап, сол індеттерден құтылу жолын іздеуде.

Әрбір қоғам өзі өмір сүріп отырған дәуірдің адамгершілік-құндылықтық позициясын сақтау үшін сол қоғамға, сол халыққа жаны аштын, соның камын ойлап қана қоймай, өз ортасының пәрменді дамуына адал еңбегімен үлес қосатын, рухани-жан дүниесінің байлығын жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге бағыттайтын қайраткерлер тәрбиелеу керек. Тек осы жағдайда ғана ұлттық рухсыздануы, мәңгүрттену, жемқорлық деген қоғамға да, адамға да жат пиғылдар болмас еді.

«Отан от басынан басталады» дегендей жаман қылықтардың, қылмыстардың алдын алу үшін отбасы тәрбиесін, оның әлеуметтік институт ретіндегі функциясын арттыру керек. Отбасы тәрбиесіндегі құрмет, ұлттық-психологиялық, әдеп көрсету,

этикалық-эстетикалық, адамгершілік-құқықтық қағидаларды жастар тәрбиесінде өзіндік сана, ұлттық сана, тарихи сана, ұлттық дәстүр мен мәдениет, «ұлттық код – рухани кілт» ұғымдарының, тәрбиелік-танымдық аксиологиялық маңыздылығын адам өмірінің құндылығы ретінде түсіну қажет.

Бүгінгі өмірдегі келеңсіз жағдайлар өзінен-өзі пайда болған көріністер емес. Ол көбіне адамның пиғылынан, өмірлік құндылықтарды дұрыс таңдамауынан. «Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүріп іс-әрекеттің жағымсыз, қиратушылық, зорлық-зомбылық, арандатушылық сипатымен анықталатын жолды таңдауынан болар. Сондықтан рухани құндылықтарымызды адамгершілік-этикалық ұстанымдарға, дәстүрлі мәдениетіміз бен гуманистік принциптерге негіздеу арқылы Хакім Абайдың «Адам бол!» қағидасын өмірлік ұстаным ретінде анықтаған жөн, өйткені «гуманизм – жалпы адам болмысының және жеке адамның әмбебап маңыздылығын бекітетін идеялар мен құндылықтардың жиынтығы. Бұлайша түсіндіруде, құндылықтық бағдарлар мен нұсқаулардың белгілі бір жүйесі ретіндегі гуманизм қоғамдық мұра мағынасына иеленеді. Адам қоғамдық дамудың ең жоғарғы максаты ретінде қарастырылады және ондай дамудың барысында нақты адами тұлғаның гүлденуіне, өмірдің әлеуметтік-экономикалық және рухани саласында үйлесімге жетуіне, оның әлеуетін толықтай жүзеге асыруға қажетті жағдай жасалады» [4, 264-265 бб.].

Зерттеу жұмысының ғылыми-методологиялық, әлеуметтік мәдени негіздеріне диалектикалық-логикалық принциптері мен ғылыми танымның методтары қойылған: тарихилық пен логикалықтың бірлігі (тарихилық принципі), нақтылық принципі, философиялық компаративистика, герменевтикалық талдау, «түсіністік философиясы», «қайта оралу философиясы» тарихи-мәдени реконструкция, сабақтастық принципі, пәнаралық синтез.